

Gymnasium news



ГАЗЕТ ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

92/9/21 НАУРЫЗ-СӘУІР

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні!



Көктемгі күннің көзіндегі жылы жүзді, тұла бойына сұлулық тұнған, арқаның ажарындай нұрлы, келбетті, қызғалдақтай алаулаған аруларымызды көктемнің күлім қаққан шұғылалы мерекесі – 8 наурыз мейрамымен құттықтаймыз! **8 наурыз – біздің жүрегімізді шуаққа бөлейтін** ананың алақаны сияқты көктемнің алғашқы мерекесі. Табиғаттың оянуы осынау шуақты мерекеден бастау алатыны тегін болмаса керек. Азаматтың әдемі сыңарына арналған аруларымыздың жүздерінен әдеміліктің нұры таймасын, ішкі байлықтары бен жүректерінің мәрттігі сөнбесін! Баршаңызға көктемнің осы күнгі мерекесінде махаббат, денсаулық, бақыт және амандық, туған - туыстарыңызға игілік тілейміз!

Гимназия әкімшілігі

Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!



Тарихи тамыры тереңге бойлаған аз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке. Наурыз – көктемгі жаңарудың, махаббаттың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі. Ол – өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең. Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алайық! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молишылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз. Еліміз өркен жайып, Наурыз баршамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін! Шығыс халықтарына ортақ үлкен мейрам Наурыз – бірліктің, татулықтың, ізгіліктің, бақыттың мерекесі саналады. Олай болса, құрметті қауым барлықтарыңызға татулық, береке-бірлік тілеймін. Ұлыстың ұлы күні елімізге, жерімізге құт-береке ала келсін. Ұлыс оң болып, әрбір күніміз Наурыз күнідей шуақты болсын! Көне парсы тілінен қазақша аударғанда «Жаңа күн» деген мағына беретін Наурыз – жыл басы. Қыстың көбесі сөгіліп, тіршілік атаулыға жан бітіп, жасарып, жаңаратын, табиғат-әлем көгеріп, көктейтін шақ. Қыстың қыспағынан құтылып, арқа-бас кеңейетін, мейрам-шаттыққа кенелетін осынау жайдарман шаққа жеткен әрбір жанды шығыстың жаңа жылымен құттықтаймын! Наурыздың өзіне тән салтына бағына отырып, әрбіріміз өткен жылғы өкпемізді ұмытып, татуласайық. Үлкендердің ақ батасын алып, бір-бірімізге ізгі тілек айтайық. Наурызда айтылған барлық жақсы тілек орындалады деп жатады ғой, Наурыз барлығыңызға құт әкелсін!



«Анама» - сүйіспеншілік жырлары

ЖАНЫМ, АНА

Жаным, ана, дүние танымаған,
Тіл қатқандай боласың әлі маған.
Сене ғана, бір сенің құдіретіңнен
Өзімдегі бақыттың бәрін алам.
Жадымда да сен жүрсің, қанымда да,
Сенімімде сен жүрсің, нанымда да.
Мәңгі соға береді от жүрегің
Жоғымда да, дүниеде барымда да.

Тұманбай Молдағалиев

АҚ МАМАМ

Еркелесем, күлімдейтін,
Ұрысқаны білінбейтін.
Мандайымнан иіскеп менің.
«Құлыншағым, күнім!» - дейтін
Әлемдегі ақылды адам.
Бәрінен сол жақын маған!

Ф.Онғарсынова

Бұл шығарылымда

1-БЕТ

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні!

Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!

«Анама» сүйіспеншілік жырлары

2-БЕТ

⇒ Сәкен Сейфуллинге арнау

⇒ Сәкен - жырдың сарқылмас дариясы «Сырлы сұрақ ұшқыр ой»

⇒ «Бір ел-бір кітап» акциясында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына 30 кітап оқуды ұсынамыз.

⇒ Қалалық Пушкин оқуларының жеңімпаздары

3-БЕТ

⇒ Білім әлеміне саяхат

⇒ Мен оқыған бір кітап

4-БЕТ

Қыздар, қыздар, сұлу қыздар

Айналайын, Анашым

Жыл мезгілі көктем

Біз спортпен біргеміз!

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Қазақстанда Наурызды он күн тойлау ұсынылды. Ашық [HQA сайтында](http://HQA.kz) Наурыз мейрамы тұжырымдамасын бекіту бойынша жоба пайда болды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Құжатқа сәйкес, Наурыз мейрамы 14-23 наурыз аралығында атап өтіледі:

14 наурыз - Көрісу күні

15 наурыз - Жайлау күні

16 наурыз - Шежіре күні

17 наурыз - Тарихқа тағзым күні

18 наурыз - Игі істер күні

19 наурыз - Шымырлық пен шеберлік күні

20 наурыз - Зияткерлік күні

21 наурыз - Ұлттық тағамдар күні

22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні

23 наурыз - Жоралғы күні



СӘКЕН СЕЙФУЛЛИНГЕ АРНАУ

Ардақты Алашыма Арқа алыбы!
Есімің ерек сырбаз Сәкен сері,
Баршаға үлгі болған әр тәлімі,
Ұмытпас Ұлт арысын мәңгі елі!

Ұлықтар ұлтың барда ардақтысың,
Еліме үлгі болған салмақты ісің.
Тар жолдан тайғақ кешіп көрдің азап,
Көтердің нардың жүгін, ардың ісің.

Тау іші жаңғырғандай әніңменен,
Ел іші құлпырғандай сәніңменен.
Елге аян өнегелі парқыңменен,
Серілік салтыңменен қалпыңменен.

Киелі білім орда шаңырағы!
Жиналған игі жақсы шешімімен.
Алаштың ардақты ұлы саңлағы,
Аталды сырбаз Сәкен есімімен,


Жерлесің арнау арнап әуағыңа,
Төгілтім жырдан шашу бар маңыма.
Бір Аллам берекесін үйіп берсін.
Игі жақсы лентасын қиып берсін.

Д.Н.УТЖАНОВ

Сәкен - ЖЫРДЫҢ САРҚЫЛМАС ДАРИЯСЫ «СЫРЛЫ СҰРАҚ, ҰШҚЫР ОЙ»

1. Сәкен Сейфуллин қай жылы және қай жерде өмірге келді (1894 жылы Ақмола облысына қарасты Нлді болысында)
2. Сәкен Сейфуллиннің әкесінің аты кім? (Сейфулла)
3. Сәкен Сейфуллиннің шешесінің аты кім? (Жәмәл)
4. Сәкен Сейфуллиннің алғашқы жинағы қалай аталады? («Өткен күндер»)
5. Алғашқы жинағы қай қай қалада басылып шықты? (Қазан)
6. Неше жасыңды ең алғашқы өлең кітабы шықты? (20 жасыңда)
7. Ақынның әйгілі поэмасы? («Көкшетау»)
8. Сәкен Сейфуллин неше жасыңда Қазақстан үкіметінің басшысы, Бүкілодақтық Атқару Комитетінің мүшесі болды? (28 жасыңда)
9. Бостандық үшін күрескен қайсар жан Сәкен Сейфуллиннің бастандық туралы қандай өлеңдерін білесіңдер? («Тұлпарым», «Қамудан», «Қамыққан көңілге», «Сағындым», «Асығып тез аттандық», «Далада», «Кел, жігіттер», «Біздің жақта», «Қашқының ауылы», т.б)
10. Ақын неше жасыңда қайтыс болды? (44 жасыңда)

"Бір ел-бір кітап" акциясы аясында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына 30 кітап оқуды ұсынамыз



Қалалық Пушкин оқуларының жеңімпаздары.



СМАГУЛОВА АЙГАНЫМ
9 «А» сынып оқушысы

Қыздар, қыздар сұлу қыздар...

Айналайын, Анашым



Нурпейсова Айда
Нурпейсова Адия.



Камалиева
Дамиля,
Камалиева
Жамиля
гимназиямыз
дың 3 «Ә»
сынып
оқушылары.
9 жаста,
үздік
оқушылар.

Айналайын, анашым –
Әлемдегі жан асыл.
Ет жүрегің елжіреп,
Құшағыңа аласың.
Айналайын, анашым,
Ақылы асқан данасың.
Болса маған не керек –
Бәрін іздеп табасың.
Айналайын анашым,
Ақсар таудай панасың.
Бір өзіңе арнаймын
Сөздерімді бар асыл.



Гимназиямыздың 3 «Ә» сынып
оқушылары, 9 жаста, сабақта
озат оқушылардың бірі,
спортпен шұғылданады.

Жыл мезгілі - КӨКТЕМ



Балгашукова Анеля



4 «Б» МАРАТ АЙБАР



4 «Б» ЫҚЫЛАС АЛУА




4 «Б» Нұрлан Аружан



4 «Б» Сайранбек Қасым




Марат Айбар



Асанқызы Дильназ



Тілеуғабыл Ерасыл



Хамзина Ақжан



4 «Ә» Амангелді Еркеназ



Сулейменов Диас




4 «Б» Сайранбек Қасым



4 «Б» Маханов Расул



Сулейменов Диас



4 «Б» Турлина Інкәр



Біз спортпен біргеміз!

"Денің сау болса, бәрін аласың" дене шынықтыру апталығы аясында самбодан әлем чемпионатының екі мәрте қола жүлдегері, Азия чемпионы, әлем кубогының жеңімпазы, Қазақстанның халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Жанат Сайранұлы Байшолақовпен инстаграмм желісі арқылы тікелей эфирде сыр-сұхбат өткізілді.



Меншік иесі:
«С.Сейфуллин
атындағы
гимназиясы» КММ
Бас директоры
Қ.Т.Сейтимбетова

Бас
директордың
шығармашылы
қ жөніндегі
орынбасары
Ш.Ө.Алиева

Бас редактор
Ф.Д.Абдугалиева
Тілшілер
Ж.С.Тлеубергенова

Көркемдеуші-
дизайнер
Б.К.Абылкаиров
Жауапты хатшы
Әбенев Бекнияз

Корректорлар
«Kitaptime»
мүшелері:
9 «Ә» сынып

Мекен - жайымыз
Ерубаева 43А
e-mail: sch92@kargoo.kz
Байланыс телефондары:
8(72-12)47-92-39